

FIF - WiB Қазақстан - «Арнур Кредит» ШКҰ - WiB II кредиті

Ел:	ҚАЗАҚСТАН
Жобаның нөмірі:	53098
Іскерлік сектор:	Депозиттік емес кредит (банктік емес)
Хабарлау түрі:	ЖЕКЕ
Экологиялық санат:	Қаржы мекемесі
Бекіту болжанған күн:	
Мәртебесі:	2 қараша 2021 жыл
Ұсынылатын соңғы мерзім:	Зерделену үстінде, тұжырымдаманы талдау күтіледі

Жобаның сипаттамасы

Теңгемен қайта есептегенде 4 млн. АҚШ долларына (3,4 млн еуроға жуық) дейін соманың қамтамасыз етілмеген басымды кредиті. Кредит екі тең транштан тұратын болады, олардың екіншісі тартылмайды. Кредит Қаржы мекемелерінің стандарттары (FIF) бойынша аралас қаржыландыру бағдарламасына (идентификатор 42474) енгізілген «KazWiB» жобасының (идентификатор 47309) шеңберінде ұсынылатын болады.

Жобаның мақсаттары

Кредиттің мақсаты әйелдер кәсіпкерлігіне және қаржыландыруға қолжетімділікке жәрдемдесу, сонымен қатар әйелдер басқаратын МШОП үшін қаржыландыру мен консультацияларға қолжетімділікті жеңілдету жолымен Қазақстанда шағын және орта бизнестің әйелдер секторын дамыту арқылы әйелдердің бизнеске қатысуын кеңейту болып табылады. Кредит «Арнұр-Кредитке» техникалық көмек көрсету және ноу-хауға, бизнесті дамыту құралдарына және желілік мүмкіндіктерге қолжетімділік алу кезінде әйелдер басқаратын МШОП-тарды техникалық қолдау арқылы әйелдер басқаратын МШОП-тарға бағдарланған тұрақты кредиттік механизмдер әзірлеумен толықтырылатын болады.

Өтпелі үдерістің әсері

ETI 80

Жоба өтудің *Инклюзивтік (Бастапқы)* және *Бәсекелестік (Екіншілікті)* сапаларын қолдау есебінен Қаржы мекемелерінің стандарттары (FIF) мен «KazWiB» жобасының мақсаттарына жетуге ықпал етеді. «KazWiB» жобасының жалпы мақсаты әйелдер кәсіпкерлігін ынталандыру мен қолдау және қаржыландыруға қол жеткізуде әйелдер кезігетін олқылықтарды жоюға көмек көрсету болып табылады. Бұдан басқа, кредиттік қаражаттың кемінде 10 %-ы әйелдер басқаратын кәсіпорындарға қатысты жасыл экономикаға көшу (GET) талаптарына жауап беретін жобаларға бағытталатын болады.

Клиент туралы ақпарат

«АРНҰР КРЕДИТ МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ» ЖШС

«Арнұр Кредит» («АК») — Қазақстандағы жеке микроқаржы ұйымы («МҚҰ»), оның активтерінің жалпы көлемі 56 млн. АҚШ долларын, жалпы капиталы - 17,3 млн. АҚШ долларын құрайды, 2021 жылдың 1-ші жартыжылдығындағы жағдай бойынша белсенді клиенттерінің саны – 19 500, ал кеңселерінің саны – 43. «АК» Штаб-пәтері Шымкентте, Түркістан облысының бұрынғы әкімшілік орталығында орналасқан.

ЕҚДБ қаржы ақпары

4 000 000,00 АҚШ доллары

Жобаның жалпы құны

4 000 000,00 АҚШ доллары

Экологиялық және әлеуметтік ақпар

Жіктелген қаржы институты (ЭӘП 2014): «АК» 2, 4 және 9 қағидалардың талаптарын орындауы және одан әрі қарай ЕҚДБ-ның ипотекалық кредиттеуге қатысты экологиялық және әлеуметтік процедуралары мен ЕҚДБ-ның корпоративтік кредиттерге, ШОК пен микрокредиттерге қатысты экологиялық және әлеуметтік процедураларын орындауы, сонымен қатар Банкке жыл сайынғы экологиялық және әлеуметтік есептер беріп отыруы қажет болады.

Техникалық ынтымақтастық

ҚДБ-ның «KazWiB» жобасы шеңберіндегі бұрыннан бергі клиенті болып табылатын «АК» негізінен сатудың цифрлық арналарын одан әрі дамытуға бағытталған жаңа «WiB» кредитінің шеңберіндегі техникалық ынтымақтастық бойынша қолдауды пайдалануын жалғастырады. Техникалық ынтымақтастық өзара байланысты екі компоненттен тұратын болады: (i) Қазақстанда WiB» бағдарламасын («KazWiB») іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрілігі қаржыландыратын Қатысушы қаржы мекемелерінің және «KazWiB» жобасын ілгерілету және басқаруды қолдау бойынша бірқатар салааралық іс-шаралардың әлеуетін арттыру және (ii) әйелдер басқаратын МШОК-тардың ноу-хауларға қолжетімділігі (Шағын бизнес үшін консультациялар).

Қазақстандағы басқа да қаржы мекемелері сияқты, «АК» ЕҚДБ-ның Өңірлік шағын бизнес

бағдарламасы шеңберінде Орталық Азияда техникалық ынтымақтастық бағдарламасы («RSBP») бойынша тренингтерден өту кезінде артықшылықтар алады (Идентификатор TCRS 7579, 4,3 млн еуро). RSBP білім алмасатын электрондық платформаның, сол сияқты мамандандырылған тақырыптар бойынша семинарлардың көмегімен банктер, банктік емес микроқаржы мекемелері мен МШОК-ты қаржыландырудың басқа делдалдары арасында орталықтандырылған білім алмасуға бағдарланған. RSBP Қазақстанда 2018 жылғы қаңтарда алдымен 4 жылға арналып іске қосылған және терең кредиттік талдау, тәуекелдерді басқару, кредиттермен байланысты емес банк қызметтері, МШОК-қа арналған және басқа да тиісті тақырыптар бойынша өткізілетін тренингтерге қолжетімділік ұсынады. ЕҚДБ-ның шығыстарды параллель бөлу саясатына сәйкес, «АК» персоналдың семинарларға қатысуымен байланысты шығыстарды және портфель бойынша жүйелі есептілікке қойылатын талаптармен байланысты шығыстарды өтейтін болады.

Транзакциялардың жасыл экономикаға көшумен байланысты компонентін іске асыру үшін, «АК» техникалық ынтымақтастық бойынша 30 000 еуроға дейін мөлшерде қолдау алады. Техникалық ынтымақтастық «Ақнұр-Кредитке» (i) маркетингтік және өнімдік стратегиялар әзірлеуге және жасыл қаржыландыру саласындағы жаңа мүмкіндіктер үшін ішкі ресурстардың басымдығын анықтауға көмектеседі және (ii) «Ақнұр-Кредиттің» соңғы қарыз алушыларына өздерінің кіші жобаларын құрылымдап, оларды қаржыландыруға дайындауға көмектеседі. Техникалық ынтымақтастыққа қаражатты Австрия береді. Бұдан басқа, «АК» GECA/E2C2 әзірлеген электрондық оқыту платформасына қолжетімділік ала алады.

Қосымша сипаты

Қаржыландырудың құрылымы: қарыздың қосымша сипаты тиісті МШОК-тар мен жеке тұлғаларға кредиттер беру үшін «Ақнұр-Кредиттің» жергілікті валютамен ортамерзімді қаржыландыру ұсынуымен шартталатын болады. Мұндай қаржыландыру жергілікті нарықта, әсіресе «АК» сияқты депозиттік емес ұйымдар үшін, шектеулі болып қалып отыр.

Білімдер, инновациялар және әлеуетті арттыру: «АК» техникалық көмек алады («KazWiB» жобасы бойынша техникалық ынтымақтастық саласында қолдау көрсету, сол сияқты техникалық ынтымақтастық саласындағы, қаржыландыру алумен байланысты болып табылатын қолдау. Техникалық ынтымақтастық жергілікті нарықтағы ЖҚИ үшін басқаша қолжетімді болмайтын машықтар мен бірегей ноу-хауларды беру үшін шешуші маңызға ие болады.

Компаниямен байланыс

Раушан Құрбаналиева raushan-k@arnurcredit.kz +7 701 781 81 45 arnurcredit.kz
Қазақстан, Шымкент, .Байтұрсын көшесі, 10/2

Өтпелі кезеңді түсіну

ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсерді бағалау тәсілдемесі туралы қосымша ақпарат [мына жерде](#) қолжетімді

Коммерциялық мүмкіндіктер

Коммерциялық мүмкіндіктер немесе сатып алулар туралы білу үшін клиенткомпаниямен байланысыңыз.

ЕҚДБ-ның коммерциялық мүмкіндіктері (сатып алумен байланысты емес) мәселелері жөнінде:

Тел.: +44 20 7338 7168

Email: projectenquiries@ebrd.com бойынша хабарласыңыз.

Мемлекеттік сектордың жобалары туралы ақпаратты ЕҚДБ сатып алулары сайтынан табуға болады:

Тел.: +44 20 7338 6794

Email: procurement@ebrd.com

Жалпы сұраныстар

Нақты сұраныстарды ЕҚДБ сұраныстар нысанын пайдаланып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭЭС)

ЭЭС және онымен байланысты Жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (IAT) ЕҚДБ «экологиялық жауапты және тұрақты дамуға» жәрдемдесу бойынша өз міндеттемелерін орындайтын тәсілдерді айқындайды. ЭЭС пен IAT-қа клиенттер үшін ұлттық заңнаманың жұртшылықты хабардар етуге қатысты қолдануға келетін талаптарын орындау бойынша, сонымен қатар мүдделі тараптардың мәселелері мен шағымдарын, соның ішінде клиенттің және жобаның экологиялық және әлеуметтік тиімділігіне қатысты мәселелер мен шағымдарын қабылдау және оларды шешуге жәрдемдесу үшін шағым беру және қарау механизмін құру бойынша арнайы ережелер кіреді. Жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен әсерлерінің сипатына және ауқымына сәйкес, ЕҚДБ өз клиенттерінен мән-жайларға қарай, жобалармен байланысты тәуекелдер мен әсерлер туралы ақпаратты ашуды немесе мүдделі тараптармен мазмұнды консультациялар жүргізуді, сонымен қатар олардың түсіндірулерін ескеруді қосымша талап етеді⁷

ЕҚДБ-ның бұл мәселе бойынша іс-тәжірибесі туралы анағұрлым нақтырақ ақпарат ЭЭС-та баяндалған.

Адалдық және белгіленген нормаларды ұстану

ЕҚДБ-ның корпоративтік әдепті бақылау бөлімі (КӘББ) адал басқаруды ынталандырады және Банктің бүкіл қызметінің озық халықаралық іс-тәжірибеге сай ең жоғары адалдық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Жобалардың Банктің беделі үшін қабылдауға келмейтін тәуекелдер болып табылмайтындығын кепілдендіру үшін, Банктің клиенттерінің барлығына қатысты адалдықты кешенді тексеру жүргізіледі. Банк проблемаларды жобаны бекіту және бағалау кезеңдерінде айқындау және шешу Банк операцияларының адалдығын қамтамасыз етудің анағұрлым тиімді құралы болып табылады деп санайды. Осы қорғау шараларында, сонымен қатар жобалардың инвестициядан кейінгі кезеңдерінде адалдық тәуекелдерін мониторингтеу процесінде КӘББ шешуші рөл атқарады.

КӘББ сонымен қатар ЕҚДБ қаржыландыратын жобалардағы алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және заңсыз әрекеттер туралы арыздарды тексеру үшін жауап береді. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактісі туралы күдігі бар банктегі, сол сияқты одан тысқарыдағы кез келген тұлға Корпоративтік әдепті бақылау бөлімінің Басшысына compliance@ebrd.com электрондық мекенжайына жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Көрсетілген мәселелердің барлығын КӘББ кейіннен шаралар қабылдау үшін қарайды. Хабарламалардың барлығы, соның ішінде бейесімді хабарламалар да қаралады. Хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары жүргізілетін елдің кез келген тілінде қалдырыла алады. Ұсынылған ақпарат негізделген болуы тиіс.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

АҚС 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгеннен кейін ЕҚДБ-ның хабардар ету және Банк стратегияларын, саясаты мен операцияларын анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу мақсаттарында мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу бойынша ЕҚДБ

процедурасын анықтайды. ЕҚДБ сайтындағы қолжетімді ақпарат туралы мәліметтер алу үшін Ақпаратқа қолжетімділік саясаты парақшасын қараңыздар.

Нақты ақпаратқа сұранысты ЕҚДБ сұраныстар нысанының көмегімен жасауға болады.

Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз орган (ЖЕБТО)

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге талпыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуді;

Экологиялық және әлеуметтік саясаттың талаптарын және осы жобаға жататын Ақпаратқа қолжетімділік саясатының ережелерін Банктің орындайтынорындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді.

IPAM және оның мандаты туралы; қалай қайта қарау Сұранысын тапсыру туралы көбірек мәлімет білу үшін Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтына кіріңіз; немесе IPAM туралы және сұранысты қалай тапсыру керектігі жөнінде нұсқаулық пен қосымша ақпарат алу үшін үшін IPAM-ға ipam@ebrd.com электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.